



ХАЛЫҚТЫҚ КОНСТИТУЦИЯ
1 шілдеден бастап күшіне енді



АЛАТАУ Ардагері

Үлкендер жолы – ұлық!



alm_obl_ardager@mail.ru Алматы облыстық қоғамдық-саяси газеті №30 (144) 10 шілде 2026 жыл

ҚАЗАҚСТАН КОНСТИТУЦИЯСЫ: тарихы мен тағылымы

Конституция – мемлекеттің ең басты заңы әрі қоғамның құқықтық іргетасы. Ол мемлекеттің саяси жүйесін, мемлекеттік билік тармақтарының қызметін, азаматтардың негізгі құқықтары мен бостандықтарын айқындайды. Қазақстан Республикасының Конституциясы – елдің тәуелсіздігін нығайтып, демократиялық құндылықтарды орнықтырған басты құжат. Ол қоғамдық тұрақтылықты сақтап, әрбір азаматтың заң алдындағы теңдігін қамтамасыз етеді. Сонымен бірге Ата заң мемлекеттің дамуына бағыт беріп, билік пен қоғам арасындағы үйлесімділіктің кепілі болып отыр. Бүгін біз оның тарихына қысқаша тоқталмақпыз.

1991 жылы Қазақстан өзінің мемлекеттік тәуелсіздігін ресми түрде жариялап, жаңа тарихи дәуірге қадам басты. Елдің егемендігін құқықтық тұрғыдан бекіту үшін алғашқы конституциялық реформалар қолға алынды. 1993 жылғы 28 қаңтарда Тәуелсіз Қазақстанның алғашқы Конституциясы қабылданды. Бұл құжат сол кезеңдегі қоғамның басты құндылықтарын айқындап, мемлекетіміздің егемендігін бекітті. Онда халықтық егемендік принципі, билікті заң шығарушы, атқарушы және сот тармақтарына бөлу қағидаты белгіленді. Қазақ тілі мемлекеттік тіл ретінде жарияланып, ұлттық құндылықтарға басымдық берілді. Президент мемлекет басшысы ретінде айқындалып, елдегі билік жүйесінің өзегіне айналды. Жалпы алғанда, 1993 жылғы Конституция парламенттік республика үлгісін таңдады, алайда ол уақыт өте келе елдің саяси-экономикалық даму қажеттіліктерін толық қанағаттандыра алмады.

Осыған байланысты жаңа құқықтық құжат әзірленіп, 1995 жылғы 30 тамызда бүкілхалықтық референдумда Конституция қайта қабылданды. Бұл Қазақстанның мемлекеттілігін нығайтудағы ше-

суші қадам болды. Жаңа Ата заң президенттік басқару нысанын орнықтырып, билік тармақтарының өзара теңгерімін нақты белгіледі. Конституция 9 бөлімнен және 98 баптан тұрды. Онда азаматтың дүниеге келген сәттен бастап ажырамас құқықтары мен бостандықтары кепілденіп, адам және оның өмірі, қадір-қасиеті мемлекеттің ең қымбат қазынасы деп танылды. Осылайша 1995 жылғы Конституция Қазақстанның құқықтық жүйесін жаңа деңгейге көтеріп, демократиялық және зайырлы мемлекет ретінде дамуының негізін қалады.

КОНСТИТУЦИЯҒА ЕНГІЗІЛГЕН ӨЗГЕРІСТЕР

Тәуелсіздік жылдарында Қазақстан Конституциясы бірнеше рет толықтырулар мен өзгерістерге ұшырады. Бұл қадамдар уақыт талабына сай саяси жүйені жетілдіруге, билік пен қоғам арасындағы теңгерімді нығайтуға бағытталды.

1998 жыл. Конституцияның 19 бабына түзетулер енгізілді. Ең алдымен Президент өкілеттігінің мерзімі бұрынғы бес жылдан жеті жылға ұзартылды. Сонымен қатар Мәжіліс депутаттарының саны арт-

ты, олардың мәртебесі айқындала түсті. Бұл өзгерістер мемлекеттік басқару жүйесін тұрақтандыруға және заң шығарушы биліктің жұмысын тиімді етуге ықпал етті.

2007 жыл. Конституцияға енгізілген түзетулер ел тарихындағы маңызды саяси реформаға айналды. Президент өкілеттігінің мерзімі қайтадан бес жылға қысқартылды. Мәжілістің құрамы кеңейіп, саяси партиялардың Парламенттегі рөлі артты. Халық Ассамблеясына тоғыз депутат сайлау құқығы берілді. Сондай-ақ, елорда атауы ресми түрде Конституцияға енгізілді. Бұл өзгерістер партиялық жүйені нығайтып, Парламенттің ықпалын күшейтті.

2017 жыл. Президенттің бастамасымен саяси реформалар жүргізіліп, билік тармақтарының өкілеттіктері қайта бөлінді. Атқарушы биліктің бірқатар құзыреті Парламент пен Үкіметке берілді. Бұл демократиялық басқару қағидаттарын нығайтып, билік тармақтары арасындағы жауапкершілікті әділ бөлуді қамтамасыз етті. Сонымен қатар, азаматтықтан айыру тек сот шешімі арқылы мүмкін болатындығы бекітілді.

2022 жыл. 5 маусымда бүкілхалықтық референдум өтіп, Кон-

ституцияның 33 бабына 56 өзгеріс енгізілді. Бұл реформа елдің саяси тарихындағы бетбұрыс болды. Суперпрезиденттік жүйеден президенттік-парламенттік модельге көшу жолға қойылды. Конституциялық сот қайта құрылып, азаматтардың құқықтарын қорғау тетіктері кеңейтілді. Жер мен оның қойнауы халыққа тиесілі деген норма нақты жазылды. Өлім жазасы толығымен жойылды. Президенттің туыстарына жоғары мемлекеттік және квазимемлекеттік қызметтер атқаруға тыйым салынды. Сондай-ақ, Қазақстанның Тұңғыш президентіне берілген артықшылықтар Конституциядан алынып тасталды. Бұл өзгерістер мемлекеттің демократиялық дамуын жаңа кезеңге көтерді.

АТА ЗАҢНЫҢ ҚҰНДЫЛЫҒЫ

Қазақстан Республикасының Конституциясы – еліміздің демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет құрудағы басты бағдары. Оның әрбір қағидаты мемлекет пен қоғамның тұрақты дамуына, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға бағытталған.

Адамның құқықтары мен бостандықтарының мызғымастығы. Конституция әрбір азаматтың өмір сүру, ар-намысын сақтау, еркін ойлау және өз пікірін білдіру құқықтарын ең жоғары құндылық ретінде жариялайды. Бұл қағидат мемлекеттің гуманистік сипатын айқындап, адамды мемлекеттің саяси жүйесіндегі орталық тұлға ретінде көрсетеді.

Биліктің халыққа тиесілі екендігі. Негізгі заңға сәйкес, мемлекеттік биліктің бірден-бір қайнар көзі – халық. Азаматтар өз билігін тікелей сайлау арқылы немесе мемлекеттік органдарға өкілдік беру жолымен жүзеге асырады. Бұл – елдегі демократиялық процестердің негізі.

Мемлекеттік және жеке меншік тең қорғалуы. Конституцияда меншік түрлерінің бәрі заң алдында тең деп көрсетілген. Бұл нарықтық экономиканың тұрақты дамуына мүмкіндік беріп, кәсіпкерлікті қолдауға және азаматтардың мүлкін қорғауға құқықтық негіз қалайды.

Азаматтардың ар-ождан, сенім, ой еркіндігі. Конституция әрбір адамға өз ойын еркін айтуға, дінге сенуге немесе сенбегуге, көзқарасын ашық білдіруге кепілдік береді. Бұл қағидат қоғамда пікір алуандығын қамтамасыз етіп, демократиялық мәдениеттің дамуына жол ашады.

Білім алу, денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру құқықтары. Ата заң азаматтарға сапалы білім алуға, медициналық көмекке жүгінуге және әлеуметтік тұрғыдан қорғалуға толық құқық береді. Бұл мемлекет пен халық арасындағы әлеуметтік келісімнің берік негізін қалыптастырады.

Қазақстан Конституциясы – елдің тұрақтылығы мен бірлігінің кепілі. Ол тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан бастап мемлекетіміздің саяси және құқықтық жүйесін қалыптастыруға негіз болды. Бүгінгі таңда Ата заң елдің демократиялық дамуы мен азаматтардың құқықтарын қорғаудың берік тұғырына айналды. Конституцияны құрметтеу – әрбір азаматтың парызы әрі қоғам алдындағы жауапкершілігі.

Қазір қоғамымызда Конституция жаңа сатыға көтеріліп, жаңа бағытпен халыққа өз игілігін көрсетуді бастады.

Ернұр ІЗІМ.

Заң ел игілігіне қызмет етсін

Конституция-еліміздің ең қастерлі құжаты, мемлекетіміздің берік тұғыры. Ата Заңның заңды күшіне енуі халқымыздың тәуелсіздігін нығайтып, ел дамуының жаңа кезеңіне жол ашты. Осы жылдар ішінде Конституция қоғамдағы тұрақтылық пен келісімнің, бейбіт өмір мен мен жасампаз еңбектің кепіліне айналды.

Біз аға буын өкілдері тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы қиындықтарды бастан өткердік. Сондықтан бүгінгі бейбіт өмір мен ел ішіндегі татулықтың қадырын жақсы білеміз. Мұның бәрінің негізінде Конституция белгілеген заң үстемдігі мен ортақ жауапкершілік жатыр.

Жастардың Ата Заңды құрметтеп, оның талаптарын орындауы-елдің жарқын болашағының кепілі. Әрбір азамат Конституцияны тек құқық беретін құжат емес, Отан алдындағы міндет пен жауапкершілікті айқындайтын басты құндылық ретінде қа-

былдаса, Қазақстанымыздың келешегі бұдан да кемел боларына сенемін.

Ұзақ жылдар ұстаздық қызмет атқарып, бірнеше буын шәкірт тәрбиеледім. Осы уақыт ішінде еліміздің тарихындағы талай өзгерістерге куә болдық. Зандар өзгерді, қоғам жаңарды, уақыттың талабына сай құқықтық жүйе де жетілді. Соның ішінде Конституцияның орны әрдайым ерекше. Өйткені ол-мемлекетіміздің берік іргетасы, ел өмірінің басты бағдары.

Ата Заң әр азаматтың құқығы мен бостандығын қорғап қана

қоймай, елдің бірлігі мен тұрақтылығын сақтауға қызмет етеді. Ұстаз ретінде біз оқушыларға заңды құрметтеуді, әділдік пен жауапкершілікті дәріптеп өстік. Себебі заңға құрмет-мемлекетке құрмет.

Өмір тәжірибесі көрсеткендей, кез келген заңның құндылығы оның қағазда жазылғанында емес, халықтың игілігіне қызмет етіп, елдің тұрмысын жақсартуына байланысты. Сондықтан қабылданған заңдар мен Конституция талаптары әрдайым халықтың мүддесіне қызмет етіп, елдің бірлігі мен берекесін нығайта берсе екен деген тілегім бар.

Дархан ЕРБОСЫНОВ,
ардагер ұстаз.
Қараой ауылы.
Балқаш ауданы.

Еліміздің Ата Заңы-мемлекетіміздің берік негізін қалыптастырған, тәуелсіздігімізді нығайтқан аса маңызды құжат. Конституция қоғамдағы татулық пен тұрақтылықты сақтауға, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға, еліміздің өркендеуіне қызмет етіп келеді.

Ел бірлігінің кепілі

Ардагерлер қауымы әрдайым ел бірлігін, қоғамдық келісім мен заңға құрметті жоғары бағалайды. Себебі аға буын талай тарихи кезеңдерді бастан өткерді, ел өміріндегі өзгерістердің куәсі болды. Сол тәжірибе бізге мемлекет дамуының басты тірегі заңның үстемдігі мен халықтың ауызбіршілігі екенін ұғындырды.

Бүгінде Конституцияда айқындалған қағидаттар еліміздің тұрақты дамуына, бейбіт өмірдің сақталуына және әр азаматтың өз құқығы мен міндетін терең сезінуіне жол ашып отыр. Сондықтан Ата Заңды құрметтеу-барша қазақстандықтардың ортақ міндеті.

Ардагерлер жас ұрпақты Отанды

сүюге, елдің тұтастығын сақтауға, заңды құрметтеуге тәрбиелеуді өздерінің азаматтық борышы деп санайды. Өйткені заңға бағынған қоғамда ғана әділдік салтанат құрып, елдің келешегі кемел болады.

Біздің тілегіміз-Конституцияның басты мұраты әрдайым халықтың игілігіне қызмет етсін, еліміздің ынтымағы мен берекесін нығайтып, Қазақстанның өсіп-өркендеуіне жол аша берсін. Ата Заңның қадірі биік болып, оның талаптары қоғам өмірінде толық жүзеге аса берсін.

Матан БЕКБОСЫНОВ,
Талғар аудандық ардагерлер
ұйымының төрағасы.

● КИЕЛІ АСПАП

Ұлттың бойтұмары - домбыра



Ұлттың үнін әуелетіп, күйін күмбірлеткен домбыра-қазақ үшін қашан да құнды. Ол-ұлттық құндылық пен рухани байлықтың және ұлттың бойтұмары. Қонаев қаласында Ұлттық домбыра күніне орай рухани құндылықтарды жас буынға насихаттауға бағытталған тағылымды шараға зиялы қауым өкілдері, ардагерлер, жастар, мәдениет және өнер қайраткерлері қатысты.



Облыс орталығындағы Бердібек Соқпақбаев атындағы саябақта ұйымдастырылған бұл шараға аймақ басшысы Марат Сұлтанғазиев қатысып, елдің еңсесін көтеріп, рухын оятатын мерекемен құттықтады.

«Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Домбыра күніне орай: «Бұл-еліміз үшін ерекше мейрам. Оны ел болып атап өту арқылы халқымыздың рухын көтеріп, танымын арттырамыз. Сондай-ақ ұлы дала дәстүрін жас ұрпақтың санасына сіңіріп, төл өнеріміздің құдіретін танытамыз»,-деген болатын. Домбыра-қазақтың жаны, тарихы мен бүкіл болмыс-бітімі. Қос ішекті қара домбыраның үнінде Алтай мен Атыраудың, Алатау мен Арканың арасын ен жайлаған халқымыздың сан ғасырлық шежіресі, ішкі жан дүниесі жатыр. Өздеріңізге белгілі 1 шілдеден бастап жаңа Конституциямыз өз күшіне енді. Жаңарған Конституцияда Қазақстан Республикасының азаматтары тарихи және мәдени мұраның

сақталуына қамқор болуға, тарих пен мәдениет ескерткіштеріне ұқыпты қарауға міндетті деп атап көрсетілген. Ата Заңның қорғауында болған ұлт құндылығының ғұмыры мәңгі болмақ»,-деді аймақ басшысы.

Мерекелік кешке арнайы келіп, атшалдырған композитор, күйші, Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі Секен Тұрысбек: «Домбыраның қасиеті туралы тек мерекеде ғана еске алуға болмайды. «Нағыз қазақ-қазақ емес, нағыз қазақ-домбыра» деп Қадыр Мырза Әлі жырлағандай, әр күні ұлттық аспапты қастерлеп, төрде ұстау керек. Сонда келер ұрпақ өзі-ақ домбыраның күмбіріне көңіл түріп, ұлықтап өтетін болады»,-деді.

Кеште Сүйінбай атындағы Алматы облыстық филармониясының «Ақжауын» камералық оркестрі, «Адырна», «Сазген» фольклорлы-этнографиялық ансамбльдері мен белгілі филармония әншілері өнер көрсетті.

Өз тілшіміз.

АРДАГЕРЛЕРЛЕРДІҢ ТАРТУЫ



«Бесіктен басталған ұлттық тәрбие» жобасы аясында Ұлттық домбыра күні Қонаев қалалық перзентханасында өмірге сәби алып келген Мәдина Теміржановаға құрмет көрсетіліп,сый-сияпаттар табыс етілді. Мақсаты-ұлттық құндылықтарды, бесік жырын дәріптеу және жаңа өмір есігін ашқан сәбиге бата беру.

Перзентханада өткен тағылымды шарада Қонаев қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы Базарбай Оралбаев, «Асыл ана» қоғамдық бірлестігінің төрайымы Мира Колхозқызы, қалалық аналар кеңесінің төрайымы Дәметкен Нүсіпбекова, қалалық «Семей ядролық сынағынан жапа шеккендер» қоғамдық бірлестігі төрағасының орынбасары Назым Чажайбаева және ардагерлер ұйымының мүшелері жас отбасын сәбилерінің дүниеге келуімен құттықтады.

Ардагерлер жаңа туған нәрестеге қазақ халқының қасиетті мұрасы - домбыраны тарту ете тұрып, сәбиге зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, бақ-береке және оның бойында туған елге, ана тіліне және ұлттық өнерге деген сүйіспеншілік қалыптассын деген ақжарма тілектерін жеткізді.

- Мен ең алдымен осы қуанышты бөлісуге келген сіздерге және кәсіби біліктілігі мен қамқорлықтарын көрсеткен дәрігерлерге шынайы алғыс сезімімді білдіремін. Сәбиімнің мәні терең, тағылымы мол мереке күні дүниеге келгеніне өте қуаныштымын. Отбасыларыңызға амандық, зор денсаулық, ұзақ ғұмыр және шаңырақтарыңызда бал тілді немере, шөберелеріңіз көп болсын, -деп жас ана Мәдина Кәкенқызы ризашылығын білдірді.

Ізгілеу **ТОЙШЫБАЙҰЛЫ, Қонаев қалалық ардагерлер ұйымы төрағасының орынбасары.**

● БАСТАУЫШ ҰЙЫМДА

Боралдай кенті «Ардагерлер ұйымы» қоғамдық бірлестігі Жайнақ, Водник №2,№3 Сақ ықшамдарынан құралған. Бастауыш ардагерлер ұйымының басын біріктіретін 14 мүшесі бар қоғамдық бірлестік. Бірлестік өзінің қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын,Азаматтық кодексін, «Қоғамдық бірлестік туралы» және басқа да заң актілерді, сонымен бірге Алматы облысы «Ардагерлер ұйымы» Іле ауданы бірлестігінің Жарғысын басшылыққа алады.

БІРЛЕСЕ АТҚАРЫЛАДЫ

Бірлестік өз жұмысын әр кездің талаптарына сай бейімдеп, алдын ала бекітілген ұзақ мерзімдік жұмыс жоспарына сәйкес ұйымдастырып келеді. Біз күнделікті қызметімізде бастауыш ардагерлер ұйымына иек артамыз. Ардагерлерімізді қоғамдық жұмысқа белсендірек тартуды және алқа отырыстарында ардагерлердің қоғамдық-саяси белсенділігін арттыру, жетілдіру бағытында спорт және мәдени мәселелер қаралып, жастарға көпшілікке жеткізіледі.

Өткен жылдың ішінде не атқардық дегенге келер болсақ, ең алдымен қазақ халқының рухани құндылықтарын дәстүрлі дінімізді, ана тілімізді насихаттауға, қуаттауға үлес қостық. Ардагерлер ұйымы Ұлы Жеңістің 80 жылдығын қарсы алуға бағытталған игі іс-шараларды өткізуді мамыр айынан бастап қолға алғанбыз. Осыған орай, өскелең ұрпақты әскери-патриоттық сезімде тәрбиелеу мақсатында Боралдай кентінде әкімшілік, Боралдай ардагерлері және 16194 әскери бөлім сарбаздары қатысуымен 9 мамыр күні тыл ардагерлеріне жауынгерлік каша дайындалып таратылды. Ұлы Жеңістің 80 жылдығына орай Боралдай кентінде ұйымдастырылған

11 мамыр аралығында «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы басталды. Экологиялық мәдениетті қалыптастыру, «Адал адам – адал еңбек – адал табыс» патриотизм құндылықтарын дәріптеу мақсатында Боралдай ардагерлері үлкен үлес қосты. Осы жылғы наурызда Іле ауданы «Байкент» ауылында Ворошилов су қоймасының бөгеті бұзылып және Батыс өңірінде су тасқыны орын алды. Қараой округіне Боралдай адагерлері әкімшілік бастаған ер азаматар, атап өтсек, Әкімбеков Әділхан Қадыкенұлы, Әбдімұратов Жеңісбай Қонысбайұлы және Шағылбаев Едик Баймышұлы материалдық көмек көрсетіп, елдің алғысын алған ағаларымызға тағы да рахмет айтамыз.

Ардагерлердің өмірге деген құлшынысын арттыру, зейнетке шыққанымен қоғамнан қол үзбей өздерін әлі де қоғамдық ортада атқарар ролі зор екенін сезіндіру мақсатында ардагерлерінің арасында бильярдтан, үстел теннисінен, шахматтан, қыс және жаз айларында балық аулаудан жарыстар өткізуге дайынбыз. Өйткені ардагерлер ойында балаша көңілденіп, қатты қызығушылық танытады. Әңгіме жөнде, жеңілуде емес, ең бастысы кездесуде, жас



шағын футбол турнирі ардагерлер мен жас спортшылар үшін әдеттегі жарыс емес, елжандылық пен табандылықтың мектебіне айналды. Жасыл алаңда тек доп емес, рух пен жігер де қатар ойнады. Ардагерлер жастарына қарамастан, жеңіске деген құлшыныс пен командалық бірліктің не екенін көрсетті.

«Спорт – нашақорлыққа қарсы» ұранын ту еткен турнир Боралдай кентінің әкімдігі, ардагерлер және «Водник» футбол командасының қолдауымен өтті. Жарысқа Іле ауданы, Алматы қаласының Желтоқсан ардагерлері, әскери және Боралдай ардагерлерінен құралған командалар қатысты. Мұндағы мақсат – жасөспірімдерді зиянды әдеттерден аулақ ұстап, спортқа баулау, достық пен бірлікті нығайту. 15 ақпан – Ауғанстан ардагерлерінің мерекесі, қаза болған жауынгер-интернационалистерді еске алу күні. Кеңес әскерлерінің Ауғанстан жерінен шығарылғанына 36 жыл толғанын, оның тарих бетіне өшпестей із қалдырған ауыр оқиға екенін адамзат баласы ұмытпайды. Осыған орай, өскелең ұрпақты әскери-патриоттық сезімде тәрбиелеу мақсатында, Боралдай кентінде әкімшілік, Іле ауданы ардагерлері және 16194 әскери бөлім сарбаздары қатысуымен іс-шара өткізілді. Әрбір оқу жылының қыркүйек – мамыр айлары аралығында қызығушылық танытатын тақырыптарды, мектеп басшыларымен келісе отырып, кездесу кестесі бекітіледі. Өткен жылдың өзінде 16194 әскери бөлімінде, білім беру мекемелерінде, колледж оқушылары арасында зейнеткерлерін қатыстыра отырып, «Отан қорғаушылар күні», «Отбасы – ұлтың тірегі», «Спорт – сенің серігің», «Қазақтың әйгілі әскери қолбасшысы Бауыржан Момышұлы», «Мен өз мамандығымды жақсы көрдім», «Қарияларға құрмет» сияқты тақырыптарда жастар тәрбиесіне белсене атсалысып, еліміздің даму жолындағы бағыт-бағдарын түсіндіруде кездесулер іс шаралар ұйымдастырылды.

Елімізде Мемлекет басшысы Қ. Тоқаевтың қолдауымен 2025 жылғы 8 сәуір мен

балаша тырысып ойнаған барлық ардагерлер көңілді болып, бір-бірімен пікірлесіп, тарқасады. Адамның денсаулығы негізінен көңіл-күйге тікелей байланысты, сондықтан мұндай спорттық шараларда қарияларымыздың балаша қуанып, емен-жарқын пікірлесіп, әңгіме-дүкен құрып, жадырап, бір серпілуі – бақытты, баянды ұзақ ғұмыр кешулеріне игі әсер етері сөзсіз. Еңбек ардагерлерінің ұсыныстары бойынша тарихи жерлерге саяхат жасауды армандаймыз .

«Ардагерлер кеңесі» қоғамдық бірлестігі әрқашан заман ағымымен қатар еңбек етіп, Боралдай кентінің саяси-әлеуметтік дамуынан да тыс қалған емес. Боралдай ішінде өткізілетін барлық іс-шараларға белсенділік танытып, қатысып отырады. Халыққа азық беретін өнердің бір түрі – театр, сондықтан зейнеткерлерімізді театр қойылымдарына және концерттерге апарып тұрамыз. Ардагерлер кеңесінің жанынан құрамында өмірлік тәжірибелері мол, аймағымызға танымал еңбек ардагерлерінен құрылған «Рухани кеңесшілер» тобы мен «Клуб по интересам» кружоғы жұмыс бастауы жоспарда тұр.Елімізде-



гі үлкенге – құрмет, кішіге – ізет қағида-сына сәйкес мұндай игі іс, ізгілікті пейіл, игілікті шара жалғасын табады, ұрпақтар сабақтастығына ұласады деп сенеміз.

Н.ШОРМАНОВ,
Қазақстан Республикасының
Қарулы Күштерінің
Құрметті ардагері,
Боралдай кенті ардагерлер
ұйымының төрағасы.

УРОКИ МУЖЕСТВА

ВОСПИТАННИКАМ ДЕТСКОГО ДОМА В КОНАЕВЕ ветераны и воины – десантники оргонизовали праздник

Старшее поколение казахстанцев, чьё детство прошло в эпоху бывшего Советского Союза, помнит пионерские лагерь, где ребята во время летних школьных каникул весело проводили время. Пионерские линейки, речёвки, построения, походы, культурные мероприятия и спортивные соревнования были неотъемлемой частью их жизни. Незабываемой и яркой традицией были пионерские костры с играми, шутками, танцами и песнями под гитару в кругу друзей и товарищей. И, конечно же, ни с чем не сравнимые аромат и вкус картошки, запечённой в горячей золе ...

Ветераны Вооружённых Сил Республики Казахстан и военнослужащие войсковой части 26363 (отдельный батальон радиационной, химической и биологической защиты) посетили КГУ «Областной центр поддержки детей, нуждающихся в специальных социальных услугах» Государственного

вительства с детства.

Ветеран поделился со слушателями воспоминаниями о своём детстве, школьных годах и пионерских традициях. И одной из таких замечательных традиций был «пионерский костёр». Далее он завел разговор о принципах дружбы, товарищества и взаимопомощи в



учреждения «Управление образования Алматинской области» (далее - Центр), который находится в нашем городе, и организовали для ребят настоящий праздник. У импровизированного «вечернего костра» собрались воспитанники детского учреждения и представители его администрации.

Хозяйева радушно встретили гостей, царил тёплый и радостный атмосфера.

Заместитель председателя Общественного объединения «Ветераны Вооружённых Сил Республики Казахстан» по Алматинской области Махагов Бекзат поприветствовал детей:

- Мы рады вас видеть, дорогие ребята! Данное мероприятие проводится ветеранами совместно с войсковой частью 26363. Его цель-патриотическое воспитание молодёжи в духе любви к Родине. Защита Отечества-священный долг каждого его гражданина. И к этой ответственной миссии нужно гото-

в коллективе, а также об уважении к педагогам и старшему поколению. Также отметил, что молодёжь должна помнить о подвигах народных героев и быть достойной славных традиций.

Заместитель командира войсковой части 26363 по воспитательной и социально-правовой работе капитан Мухтаров Мадияр отметил, что он также рад сегодняшней встрече. Он высказался о важности физической подготовки, морально-психологической устойчивости и соответствующего уровня образования кандидатов для прохождения воинской службы. Выразил уверенность в том, что сегодняшняя молодёжь, школьники и студенты – это надёжные продолжатели дел отцов и дедов, а также будущее нашей страны.

Далее выступил заместитель командира данной воинской части по боевой подготовке лейтенант Тойбазар Ерлан. Он отметил, что именно в армии закаляется харак-



тер и меняется мировоззрение. Вчерашние мальчишки становятся настоящими мужчинами и воинами, уверенными в себе, профессионалами своего дела. В качестве примера офицер привёл молодых бойцов, которые присутствовали на празднике. Сначала им было очень трудно. Но за 3 месяца службы они многому научились, и этот процесс в настоящее время продолжается.

Далее гости ответили на вопросы воспитанников о прохождении военной службы в десантно-штурмовых войсках, организации их быта и досуга, питания, снабжения вещевым имуществом. Затрагивались темы денежного довольствия, вопросы по экипировке, техническому оснащению, физической подготовке, учебным стрельбам, полевым выходам и прыжкам с парашютом.

Живой интерес был проявлен слушателями к армейским традициям воинов-десантников. Некоторые изъявили желание проходить срочную службу в рядах крылатой пехоты.

В адрес ребят прозвучали тёплые, наполненные материнской любовью, слова назидания из уст представителя женсовета войсковой части 26363 Болмашевой Куралай.

Гости пожелали воспитанникам здоровья, счастья, отличной учёбы и вырасти настоящими патриотами своей Отчизны.

В тот вечер звучали весёлые шутки, звонкий детский смех, душевные песни под гитару и домбру в исполнении военнослужащих-десантников, а также самих ребят.

Изюминкой душевного вечера стали подготовленные для детей руками ветеранов и военнослужащих вкусные угощения - шашлык и запеченная в горячей золе картошка.

Директор Центра Жаркынбекова Айгуль поблагодарила руководство ветеранской организации и ветеранов ВС РК, командира войсковой части 26363 подполковника Байтилеуова Женисбека и его заместителя по тылу лейтенанта Атамтаева Роллана, других заме-

стителей и военнослужащих, а также женсовет за внимание. Отметила, что дети знакомы с гостями и организаторами не понаслышке, знают в лицо тех, кто к ним пришел и всегда рады таким встречам. Жаркынбекова Айгуль:

- В Центре воспитываются 94 ребёнка: 41 мальчик и 53 девочки. Созданы условия для их комфортного проживания, учёбы и досуга. Все дети живут одной большой и дружной семьей. Сейчас летние каникулы, мы стараемся детей вывезти в кинотеатр, на море (Капшагайское водохранилище). В рамках проведения «Дня Нептуна» у нас запланирована поездка на зону отдыха с посещением бассейна. Впереди большие планы. Огромное спасибо Бекзату ага, Куралай апай и всем военнослужащим-десанникам. Они всегда поддерживают нас, вникают в наши проблемы и стараются помочь.

Руководитель учреждения пожелала гостям крепкого здоровья, счастья, успехов в служебной деятельности и благополучия в семьях, а также процветания нашему общему дому - суверенному Казахстану и всем его жителям.

Заместитель директора Центра по учебно-воспитательной работе также поблагодарила организаторов праздника, в первую очередь Бекзата Махагова. Подчеркнула важность проведения таких мероприятий в деле формирования у каждой отдельной личности правильного мировоззрения и гражданской позиции, развития у воспитанников чувства коллективизма, причастности к обществу и осознания своего места в нём, привития им чувства казахстанского патриотизма.

Ребята также выразили свою благодарность организаторам «вечернего костра».

В подготовке материально-технической базы мероприятия активную помощь оказал заместитель директора Центра по технической части Мусаханов Асхат.

Хочется отметить, что это уже не первое мероприятие, проводимое ветеранами и воинами-десанниками в данном учреждении. Ранее проводились Наурыз Мейрамы, Международный женский день - 8 Марта, Международный день защиты детей. Все эти мероприятия прошли на высоком организационном уровне.

Станислав ФЕДОРОВ,
подполковник медицинской
службы запаса,
ветеран Вооружённых Сил
Республики Казахстан.
г. Қонаев

ЖАҒЫМДЫ ЖАҒАЛЫҚ

КАДЕТ СЫНЫПТАРЫ АШЫЛДЫ

Елімізде жас ұрпаққа заманауи тұрғыдан жақсы тәрбие берудің жолдары кеңінен қарастырылып, қажетті жақтары өмірден берік орын алып келе жатқанына көзіміз жетіп, көңіліміз сеніп жүр. Оның әсіресе, мектеп қабырғаларында берік орныға бастауының өзі жас ұрпақтың өмірге деген, білімге деген құштарлығы мен ынта-ықыласын арттыра түсетіні анық.



Өткен аптада аудандық білім бөлімі жақсы іске бастамашы болып, Ораз Жандосов атындағы орта мектептен «Жас айбын» атты жас шекарашылардың кадет сыныптары ашылды. Аты айтып тұрғандай, аталған кадет сыныптарының басты міндеті – жас ұрпақты әскери-патриоттық тәрбие рухында, Отанға деген сүйіспеншілігін арттыруға, тәртіп пен реттілік бағытында тәлім-тәрбие беруге күш салу болып табылады.

Мәні мен маңызы зор осынау іс-шараға аудан көлеміндегі мектептердің ұстаздары мен оқушылары және мектеп директорлары қатынасты. Сол сияқты Алматы облысы төтенше жағдайлар департаменті басшысының орынбасары, полковник Сәбит Түлкібаев, Қарасай аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлім бастығы, майор Ерлан Әбдіхалықов, аудандық «Асыл ана» қоғамдық бірлесті-



гінің төрайымы Ұлтай Бархинова, О. Жандосов ауылы ардагерлер ұйымының төрағасы Алмахан Қағазбеков, ауылдық ақсақалдар төрағасы Бекболат Бәйтқов, ауылдық әжелер алқасының төрайымы Елена Шынжырбайқызы, аудандық білім бөлімінің әдіскері Ерлан Есенғалиұлы қатынасып, өздерінің ыстық ықыласқа толы лебіздері мен тілектерін білдірді.

Жиналған көпшілік қауым алдында кадет сыныптарының сарбаздары салтанатты түрде ант қабылдады. Сондай-ақ «Жас шекарашы» клубы мүшелерімен тығыз



қарым-қатынас болатын меморандумға қол қойды. Сол сияқты өңірлердегі заставаларда жиі болып, ондағы шекарашылардан теориялық және практикалық дәріс алатындарын айтты. Кадет сыныптарының жас ұрпаққа берер әскери-патриоттық тәрбиесі ұшан-теңіз болатынына сенім мол.

Қанат ТӘКЕБАЕВ,
журналист.
О.Жандосов ауылы.
Қарасай ауданы.

● АЗАМАТ ТУРАЛЫ АЗДАҒАН СЫР

ТАҒАЫРЫ ТУҒАН ЖЕРМЕН ТАМЫРМАС

...Жасынан еңбекке араласқан, кара жұмыспен шыңдалып өскен Бірімқұл аға туралы айтсам, ешбір жалған сөз болмас.

1935 жылы 20 тамызда Тоғызбұлақ ауылында дүниеге келген Бірімқұл Жусанбековтің балалық шағы зұлмат соғыс жылдарымен тұспа - тұс келді. Буыны бекімеген жас бала, әскер қатарына кеткенше шаруашылықтың түрлі саласында жұмыстар атқарды. Соғыстан кейін де жұмысшы күші жетіспеді. Бар ауыртпалық жас буын өкілдеріне салмақ түсірді.

1953-1956 жылдары Кеңес әскері қатарында Сахалин аралының дәмі бұйырды. 1956 жылдың көктемінде әскерден орала салып «ХТЗ – 35», «С – 80» тракторларының руліне отырды. Жұбайы Шақан Қисыққызы екеуі шаңырақ көтерді. Бір басы екеу болды.

1962 жылы Шет Меркіде комбинаттың ұста цехын, одан кейін Жайдақбұлақ ауылы жеке бөлімше болып құрылған кезде Орта



Меркіде Тоғызбұлақ ұжымшарының ұста цехын ұстап, ағаш тілумен айналысты. Сөйтіп Жайдақбұлақ ауылының іргетасын қалауға атсалысты. Қазірде кезінде салынған әр құрылыс нышандарында Бірімқұл ағаның қол таңбасы сайрап тұр.

...1976 жылы Тоғызбұлақ ұжымшарының басқарма төрағасы Көкен Есмолдаев Екіаша жайлауынан Жасыбайдың көліне дейін жол салды. Сол кездегі «Е-100» тракторымен жол салу тағы да жайдақбұлақтық Бірімқұл Жусанбеков пен Досан Заманбековтерге жүктелген.

Бұл күнде жұбайы Шақан Қисыққызы екеуі-Жайдақбұлақтың тұрғылықты тұрғындары, қадірменді ақсақалдары. Алты ұл, екі қыз тәрбиелеп өсірген өнегелі отбасы. Немере өсіріп, шөбере сүйген қадірменді жандар. Тағдырлары туған жермен тамырлас.

Советбек ДҮЙСЕНБАЕВ.

Кеген ауданы.

● АУДАНДЫҚ АРДАГЕРЛЕР ҰЙЫМЫНДА



ҰЛТТЫҚ АСПАП ДӘРІПТЕЛДІ

Шонжы ауылындағы Мәдениет үйінде «Ұлттық домбра күніне» арналған шара өтті. Шараға аудан орталығындағы және жақын орналасқан ауылдық округ аумақтарындағы ұжым қызметкерлері, қоғамдық ұйым мүшелері мен белсенді азаматтар және әскери бөлімнің қызметкерлері мен сарбаздары қатысты.

Шараға қатысушыларды аудан әкімі Б.Елеусізова құттықтай отырып, шараның ұлттық құндылықтарды сақтау және дәріптеудегі орнын атап өтіп, осы өнерді дамытуға атсалысып жүргендерге аудан әкімінің «Мақтау грамотасы» және «Алғыс хатымен» марапаттады. Аудандық ардагерлер ұйымының, аудандағы Ақсақалдар кеңесінің және Ұйғыр этномәдениет орталығының төрағалары аудандағы «Жазерке» ансамблі мен домбра үйірмесінің мүшелеріне 2 данадан домбыра сыйлап, өнерлеріне жетістіктер тіледі. Шара барысында жиналғандар аудандық Мәдениет үйінің өнерпаздарының концертін тамашалады.

● АДАМ ҚҰҚЫҒЫ

ҚОҒАМДЫҚ ҚАУІПСІЗДІК

Қоғамдық қауіпсіздік – кез келген мемлекеттің тұрақтылығы мен дамуының маңызды негіздерінің бірі. Ол азаматтардың өмірі мен денсаулығын, құқықтарын мен бостандықтарын қорғауға бағытталған шаралар жүйесін қамтиды. Қауіпсіз қоғамда адамдар өздерін еркін сезініп, еңбек етіп, білім алып, болашаққа сеніммен қарай алады.

салауатты өмір салтын насихаттау маңызды.

Соңғы жылдары интернет алаяқтық, киберқылмыс сияқты жаңа қауіп түрлері көбейді. Сондықтан азаматтардың цифрлық сауаттылығын арттыру, жеке мәліметтерді қорғау және күмәнді ақпараттарға сенбеу де қоғамдық қауіпсіздіктің ажырамас бөлігіне айналды.

Қорыта айтқанда, қоғамдық қауіпсіздік – әрбір азаматтың тыныштығы мен әл-ауқатының кепілі. Заңды құрметтеу, қоғамдық тәртіпті сақтау және өзара жауапкершілік арқылы ғана қауіпсіз әрі тұрақты қоғам қалыптастыра аламыз.

А. НҰРЛЫБАЙ.

Кеген ауданы.



Қазіргі таңда қоғамдық қауіпсіздік мәселесі ерекше маңызға ие. Қоғамдық орындарда тәртіпті сақтау, жол-көлік оқиғаларының алдын алу, қылмыспен күресу, төтенше жағдайлардың зардаптарын азайту – осы саланың негізгі бағыттары болып табылады. Бұл жұмыстарды құқық қорғау органдары, төтенше жағдайлар қызметі және жергілікті атқарушы органдар бірлесіп жүзеге асырады.

Қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету тек мемлекеттік органдардың міндеті ғана емес. Әрбір азамат заң талаптарын сақтап, қоғамдық тәртіпті бұзбауға, айналасындағылардың қауіпсіздігіне жауапкершілікпен қарауға тиіс. Әсіресе жастар арасында құқықтық мәдениетті қалыптастыру, құқық бұзушылықтың алдын алу және

БАҚЫТКҮЛ КАРШАЛОВА

Үстіміздегі жылғы шілденің 5-ші жұлдызында Іле ауданының «Тілдерді дамыту орталығының» директоры, «Білім беру саласының үздігі», «Еңбек үздігі», «Қазақ мәдениетінің қайраткері» төсбелгілерінің иегері Бақыткүл Бектенқызы Каршалова 58-ге қарған шағында ұзаққа созылған ауыр науқастан дүниесіз қалды.



Бақыткүл Бектенқызы Іле ауданының Ынтымақ ауылында дүниеге келген. Мектептен соң әл Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің журналистика факультетін бітірді. Алматы облыстық «Жетісу», «Алматы ақшамы» газеттерінде, ҚР Жоғарғы Кеңесінің органы – «Халық кеңесі» апталығында қызмет істеді. ҚР Мемлекеттік материалдық резервтер комитетінде, ҚР Құрылыс және тұрғын үй министрлігінде түрлі қызметтер атқарды. Еңбекқорлығы арқасында істеген ұжымдарында абыройлы болды.

Ол соңғы ширек ғасыр уақыт Іле ауданында түрлі жауапты қызметтер атқарды. М.Мақатаев атындағы №13 орта мектепте директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, Іле аудандық әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің бас маманы болып істеді. 2010 жылдан соңғы деміне дейін «Алматы облысының «Тіл» оқу-әдістемелік орталығы» КММ Іле аудандық филиалының меңгерушісі болды. Мемлекеттік тіліміздің дамуына жанашырлық Бақыткүлдің басты миссиясына айналды. Аудан көлемінде тілді дамытуға байланысты ондаған маңызды іс-шаралар ұйымдастырды. Өңір мәдениетінің алға басуына өз үлесін қосты. Таяуда ғана оның «Ленің ірі тұлғалары» атты кітабының тұсаукесері өткен болатын.

Бақыткүл өзінің жұғымды мінезімен, қызметіне адалдығымен оны білетіндердің жүрегінде ұзақ уақыт сақталатын болады.

Марқұмның отбасы мен туған-туыстарына қайғыларына ортақтасып көңіл айтамыз.

БІР ТОП ЖОЛДАСТАРЫ

Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы хабарлайды

Өндірістік шаңның жұмысшылар ағзасына әсері

Өндірістік шаң – өндіріс орындарында, құрылыс алаңдарында, тау-кен өндірісінде, ауыл шаруашылығы мен басқа да салаларда еңбек процесі кезінде түзілетін ұсақ қатты бөлшектер. Ауадағы шаңның жоғары концентрациясы жұмысшылардың денсаулығына теріс әсер етіп, түрлі кәсіптік аурулардың дамуына себеп болуы мүмкін.

Шаң бөлшектері адамның тыныс алу жолдары арқылы ағзаға енеді. Ірі бөлшектер мұрын қуысында және жоғарғы тыныс жолдарында ұсталып қалса, ұсақ бөлшектер өкпенің терең бөліктеріне дейін жетіп, денсаулыққа айтарлықтай зиян келтіреді.

Өндірістік шаңның негізгі зиянды әсерлері:

- Тыныс алу мүшелерінің ауруларын тудырады (бронхит, бронхиалды астма, пневмокониоз және т.б.);
 - Өкпе қызметінің төмендеуіне әкеледі;
 - Көздің және терінің тітіркенуін туғызады;
 - Аллергиялық реакциялардың пайда болуына себеп болуы мүмкін;
 - Ұзақ уақыт әсер еткен жағдайда еңбекке қабілеттілікті төмендетеді.
- Әсіресе құрамында кремний диоксиді, көмір, металл немесе химиялық заттар бар шаңдар аса қауіпті болып саналады. Мұндай шаңдардың ұзақ әсері созылмалы кәсіптік аурулардың дамуына әкелуі мүмкін.
- Өндірістік шаңның зиянды әсерінің алдын алу үшін:
- Жұмыс орындарында тиімді желдету жүйелерін пайдалану;
 - Технологиялық процестерді автоматтандыру;
 - Жеке қорғаныш құралдарын (респиратор, қорғаныш көзілдірігі, арнайы киім) қолдану;
 - Жұмыс аймағындағы ауа сапасын тұрақты бақылау;
 - Қызметкерлерді мерзімдік медициналық тексеруден өткізу қажет.
- Еңбек қауіпсіздігін сақтау және өндірістік санитария талаптарын орындау жұмысшылардың денсаулығын қорғаудың маңызды шарты болып табылады.

Профилактикалық медициналық тексерулерден отудің маңыздылығы

Профилактикалық медициналық тексерулер – халық денсаулығын сақтаудың және аурулардың алдын алудың тиімді әдістерінің бірі. Уақытылы жүргізілген медициналық тексерулер көптеген ауруларды ерте кезеңде анықтауға, олардың асқынуының алдын алуға және емдеу тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Көптеген аурулар бастапқы кезеңдерінде айқын белгілерсіз өтеді. Сондықтан адам өзін жақсы сезінсе де, профилактикалық тексерулерден тұрақты түрде өтіп тұруы қажет. Ерте анықталған ауруларды емдеу жеңіл әрі тиімді болады.

Профилактикалық медициналық тексерулердің негізгі мақсаттары:

- созылмалы ауруларды ерте анықтау;
- қауіп факторларын бағалау;
- халық арасында аурулардың таралуын төмендету;
- еңбекке қабілеттілікті сақтау;
- өмір сүру сапасы мен ұзақтығын арттыру.

Медициналық тексерулер барысында қан қысымы, дене салмағы, қан мен зәр көрсеткіштері, жүрек-қан тамыр жүйесінің жағдайы және басқа да маңызды көрсеткіштер бағаланады. Қажет болған жағдайда қосымша зертханалық және аспаптық зерттеулер тағайындалады.

Профилактикалық тексерулер әсіресе балаларға, жүкті әйелдерге, егде жастағы адамдарға және өндірістік зиянды факторлардың әсеріне ұшырайтын қызметкерлерге маңызды. Бұл топтар денсаулық жағдайына ерекше бақылауды қажет етеді.

Әрбір азамат өз денсаулығына жауапкершілікпен қарап, профилактикалық медициналық тексерулерден уақытылы өтіп тұруы тиіс. Денсаулықты сақтау – ауруды емдеуден әлдеқайда тиімді және қауіпсіз.

Н. МЕДЕТОВ,

«Қонаев қаласының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бастығы